



«Т.Тоғысбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау

«Математика күнделікті өмірде»

2 «Б» сынып жетекшісі: Р.Сексенбаева

2024-2025 оқу жылы

Түсініктеме

2-сыныптың оқушысының абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға қажетті логикалық пайымдаулар құру, ой қорытуды жүргізе алу біліктерін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан бірінші сыныпқа арналған «Қызықты математика» арнайы курс бағдарламасы осы ерекшеліктерді есепке ала отырып құрылған.

Бүгінгі күні математиканың қолданылмайтын жері жоқ. Сондықтан әр оқушыны математикалық сауаттылықтың жоғары деңгейіне жеткізу міндеті тұр. «Математика күнделікті өмірде» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса математикалық, логикалық, танымдық мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, ойлау қабілеті жетілдіріледі.

«Математика күнделікті өмірде» бағдарламасы арқылы оқушылар қоршаған ортаны таниды, ұлттық мәдениетті, моральды, дүниетанымды сезіне бастайды, сөйлеуге дағдыландыруда оқушының өзіндік ерекшелігі айқындала түседі. «Математика күнделікті өмірде» бағдарламасы арқылы оқушылар тез ойлау, жылдам есептеу дағдылары қалыптасады. Бұған қоса оқып—үйрену барысында оқушылар алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгереді, ақыл-ойы, сөйлеу дағдылары жетілдіріледі.

Көңілді жаттығулар, викториналар, қызықты тапсырмалар құрастыру баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелейді. Оқушының қиялын дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге икемдейді. Өтілетін жұмыстар мен тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, білімдерін жетілдіріп, дамытуға арналған.

«Математика күнделікті өмірде» арнайы курс бағдарламасында келесі тапсырмалар түрлері енгізілген:

- геометриялық мазмұндағы және кеңістік ұғымын дамытуға арналған тапсырмалар;
- жиынмен байланысты амалдарды орындауға арналған тапсырмалар;
- математикалық басқатырғыштар;
- логикалық қортындылар;
- лабиринттер;
- көңілді жаттығулар;
- сөзжұмбақтар;

Білім беру мақсаты:

Баланың тұлғалық қасиеттерін: ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік, дағдыларын игерту; шығармашылық қабілеттерін арттыру; зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

Міндеті:

- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына әсер ету;
- Ақыл-ойын және ерік пен сезім белсенділігін арттыру;
- Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Математикалық тілде сөйлеу машығын қалыптастыру;
- Оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, қызығушылығын арттыру.
- **Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар**

Білімі мен білігі бойынша:

10-нан 100-ге дейінгі сандарды оқып және жаза білуі керек. Көбейту кестесін білуі керек.

Оқушы білуі керек:

- кері есептер құрастыруды;
- жүздіктерді қосу мен азайтуды;
- екі таңбалы сандарды қосу, азайтуды;
- өрнектерді пайдаланып есеп құрастыру;
- геометриялық фигураларды ажыратуды , тік төртбұрыш, төртбұрыш, шаршы;
- шамалар мен ұзындық бірліктерін.
-
-
-
-
-
-
-

Оқу курсының тақырыптарының мазмұны

I бөлім "Математикалық ойындар" 9 сағат

Оқушылармен білімдерін саралау мақсатында деңгейлік тапсырмалар орындату. Кел, ойнайық! Құпия сандар, Салыстырудың құпиясы, Кім жүйрік? "Математикалық тізбектер", Есептер еліне саяхат, бөлімді қорытындылау ретінде оқушылардан өзіндік жұмыс алынады.

II бөлім "Сандар сыры" 7 сағат

Сандар сыры, "Математикалық тізбек" ойыны, "Әріпті өрнектер" еліне саяхат, Кел, ойнайық!, "Ойлан тап", «Жас математиктер» турнирі, Ондықтар еліне саяхат, бөлімді қорытындылау ретінде өзіндік жұмыс алынады. Логикалық ойлау есептері, тестер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін және математика пәніне деген қызығушылықтарын арттыру. Қызықты математикалық есептер құрастыру, шешімдерін табу, бір-бірін тексере алуға баулу. Деңгейлік тапсырмалар орындау барысында білім деңгейлерін бақылау.

III бөлім "Есептер еліне саяхат" 10 сағат

Эстафеталық ойлау есептерімен қызығушылықтарын туғызып, ойната отырып есептерді шығарту. Есептер еліне саяхат, «Болды-өзгерді-қалды» есеп шығару, Сурет бойынша есептер шығару, Математикалық диктант, Логикалық есептер, "Ойлан тап", Артық-кем, қымбат-арзан, Логикалық есептер, бөлімді қорытындылау ретінде бақылау жұмысын жаздыру.

IV бөлім "Сикырлы геометрия" 8 сағат

Геометрияның бастапқы негіздерін, геометриялық терминдерін, геометриялық фигуралардың қасиеттерін, геометриялық фигураларды тануды, периметр, аудан, көлемді табуды, геометриялық фигураларды құруды, геометриялық фигураларды белгілеу және оқуды үйренеді.

Тәжірибелік бөлім

Оқушыларға қосымша берілетін тапсырмалар

Жеке тақырыптар бойынша берілетін тапсырмалар

- сөзжұмбақ;
- ребус;

- логикалық есептер;
- логикалық ойындар
- айырмашылықты табу
- математикалық әзіл, жұмбақтарды шешу.

Оқушылардың білім деңгейін бақылау

Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырылады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабақ қызықты есептер мен аяқталып, логикалық есептер оқушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

Қызықты тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

- Қызығушылығын арттыру;
- Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
- Шығармашылық ізденісін дамыту.

Осы кезеңдегі берілетін тапсырмалар түрлері:

1. Көру қабілетін дамытатын тапсырмалар (ребус, сөзжұмбақ, анаграмма, сиқырлы шаршылар, геометриялық фигуралар);
2. Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар (математикалық мақал-мәтел, логикалық есептер, қалжың есептер).

Мұғалімге ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинағы. Көкшетау. «Келешек-2030» ЖШС, 2010
2. Тестер жинағы. Алматы. Өнер 2005 баспасы. 3. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемінде. Шымкент. 2003. 4. Математикалық жазулар. Алматы кітап баспасы, 2012

5. Қызықты математика Алматы кітап 1998.
6. «Ойнайық та, ойлайық» Алматы кітап 1996.
7. «Кім зерек?» Алматы 1993.
8. «Қызықты математика» Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, В.В.Бурова
«Алматыкітап» 2011ж.
9. «Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар»
Ш.Х.Құрманалина, С.Ш. Сәрсенбаева, Р.Қ. Өміртаева «Атамұра» 1997 ж.
10. «Математикадан ойындар мен қызықты тапсырмалар» Т.К.Жикалкина,
Алматы «Рауан» 1992ж..
11. К.Ерешева, С. Төренизова, А.Нарымбетова Математикадан өзіндік
және бақылау жұмыстары. 2010 ж.
12. Ә.Б.Ақпаева Математика 1 сынып 2009 **Оқушыларға ұсынылған
әдебиеттер**1. Оқушының анықтамалығы 1-4 сынып «Алматыкітап
баспасы» 20092. Математика пәні бойынша тест тапсырмаларының
жинағы «Келешек-2030», 2008
3. «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ» журналдар

Пәнді оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету

Оқыту - теориялық : оқулық, лекция.

Оқыту – практикалық: жаттығулар мен тапсырмалар, тест жинағы,
тәжірибелік, сарамандық жұмыстар жинағы.

Оқыту - әдістемелік: курсты үйренуге әдістемелік ұсыныстар, реферат,
зерттеу жұмысын суреттеу. Оқыту – анықтамалық: сөздік, анықтама.

Оқыту – көрнекілік: альбом.

Оқыту – библиографиялық.

Таңдау курсы бойынша оқу әдістемелік кешенінің тізімі

1. Ғаламтор
2. Қазақ энциклопедиясы
3. Газет, журналдар

- Күнтізбелік жоспар. Математика күнделікті өмірде. 2-сынып

№	Тақырыптың мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
	I тоқсан Математикалық ойындар		
1	Кел, ойнайық!	1	02.09
2	Құпия сандар	1	09.09
3	«Кім жылдам?», «Тез ойла» математикалық ойындар.	1	16.09
4	Теңдіктер мен теңсіздіктер	1	23.09
5	Уақыт өлшемдері	1	30.09
6	Көңілді есептер	1	07.10
7	Логикалық есептер	1	14.10
8	Жасырылған сөз(кроссворд)	1	21.10
	II тоқсан Сандар сыры		
1	Геометрия еліне саяхат	1	04.11
2	Қызықты жаттығулар	1	11.11
3	Сиқырлы шаршы	1	18.11
4	Халық өлшемдері	1	25.11
5	«Кім қырағы?» математикалық ойындар.	1	02.12
6	Сиқырлы ұшбұрыштар	1	09.12
7	Математикалық диктант	1	16.12
8	Қорытынды тест	1	23.12
	III тоқсан Есептер еліне саяхат		
1	Рим цифрларымен танысайық	1	13.01
2	Шеңбер мен дөңгелек.	1	20.01
3	Есептеудің оңай жолы	1	27.01
4	Геометриялық фигураларды колдану	1	03.02
5	Ертегілер елінде	1	10.02
6	<i>Сурет бойынша есептер құрастыру</i>	1	17.02
7	Сандар қатарын құрастыру	1	24.02
8	Қызықты есептер	1	03.03
9	Математикалық диктант	1	10.03
10	Қорытынды тест	1	17.03
	IVтоқсан Сиқырлы геометрия		
1	«Жас математиктер» турнирі	1	07.04
2	Жұмбақ есептер	1	14.04
3	Математикалық ребустар	1	21.04
4	Математикалық әзіл, жұмбақ, өлең есептер	1	28.04
5	Сиқырлы сандық	1	05.05
6	Сиқырлы шаршылар	1	12.05
7	Кім жүйрік?	1	19.05
8	Өткенді қайталау. Тест	1	19.05
	34 сағат		